



Beyond Olympiad #1
географиядан
тапсырмалар жиынтығы

7-9 сыныптар

21 маусым 2021 г.

Олимпиада регламенті

Сізге олимпиаданы орындауға 2 сағат беріледі. Олимпиаданың басталуы: 19:00 Алматы уақытымен, олимпиаданың аяқталуы – 21:00. Олимпиаданы аяқтағаннан кейін өзіңіздің жауабыңызды Gradescope.com. платформасы арқылы жіберу керек. (Платформа арқылы жіберу нұсқаулығын төменнен қараңыз)

Орындау және ресімдеу жөніндегі нұсқаулық:

Сіз тапсырмаларды кез-келген тәртіпте орындай аласыз, сондай-ақ сізден мына нәрселер **талап етіледі**

- Әр тапсырманы жеке парақта ресімдеу
- Парақтың жоғарғы жағына тапсырма нөмірін жазу, бірақ өз атыңызды, тегіңізді немесе басқа жеке мәліметтеріңізді жазуға **тыйым салынады**
- Егер тапсырманы шешу үшін бірнеше парақ қажет болса, онда парақтың соңына жазу керек (№__ тапсырманың жалғасы келесі бетте). Сонымен қатар, келесі беттің жоғарғы жағында бұл белгілі бір тапсырманың жалғасы екенін белгілеу керек
- Жазуыңызды түсінікті және таза жазу, бояу мен артық сызудан аулақ болу **ұсынылады**

Тапсырма шешімдерін жіберу бойынша нұсқаулық:

Тапсырмаларды орындауды Алматы уақыты бойынша 21:00-ден кешіктірмей аяқтау қажет. Жұмыстың соңында жауаптарыңыздың скан-нұсқасын бір pdf-файлға біріктіру керек. Google Play және AppStore-да осы мақсаттарға арналған көптеген қосымшалар бар (PDF scanner, scanner app, scanbot және басқалары). Бұл PDF-файлды міндетті түрде Gradescope.com. сайтына жүктеу керек. Курс коды: **937EGZ**.

Қатысушыға жадынама:

- Кеңсе заттарынан: қарындаштар, қаламдар (ручка), өшіргіш, сызғыш **рұқсат етіледі**.
- Калькуляторды пайдалануға **рұқсат етіледі** (қарапайым, инженерлік, графикалық).
- Жауаптар төрт мәнді санға дейін дөңгелектенуі **қажет**.
- Бөтен адамдардың көмегі мен қосымша әдебиеттерді, соның ішінде атластарды, бөтен карталарды, интернет-дереккөздерді және оқу құралдарын пайдалануға **қатаң тыйым салынады**.

- Академиялық адалдықты бұзу және сақтамау әрекеттер ask.bc-pf.org-та бір жыл мерзімге **бан тізіміне** алыну арқылы жазаланады.

Олимпиаданы ұйымдастырушылар, тапсырмаларды құрастырушылар және қазылар алқасы:

- | | |
|---------------------|----------------------------|
| • Валеев Рустам | қазылар алқасының төрағасы |
| • Табылды Әділет | қазылар алқасының мүшесі |
| • Нұрмағамбет Данат | қазылар алқасының мүшесі |
| • Пернебек Нұрсауле | қазылар алқасының мүшесі |
| • Құрманжан Ержан | қазылар алқасының мүшесі |
| • Болат Касымхан | қазылар алқасының мүшесі |

Сәттілік тілейміз!

Бұл жинақ 6 тапсырмадан тұрады:

1 тапсырма. Межелі пункт.....	5
2 тапсырма. Тектоника	6
3 тапсырма. 80 күнде әлемді аралау	8
4 тапсырма. Жаңбыр жазығы	9
5 тапсырма. Топография	10
6 тапсырма. Гидрология.....	11

Тапсырма нөмірі	Тапсырма үшін максималды балл	Тапсырма үлесі
1	10	20
2	15	25
3	4	10
4	10	25
5	4	10
6	4	10

Бұл кесте нені білдіреді?

Бұл кестеге қарап сіз әр тапсырманың өзіндік үлес салмағы бар екендігін көре аласыз. Яғни, бір тапсырманың бір балы басқа тапсырманың бір балына тең емес. Әр тапсырманың ішінде сіздің ұпайыңыз құрастырушының баллдық есебіне сәйкес есептеледі, содан кейін пропорциялық есеп бойынша сіздің соңғы ұпайыңыз есептеліп шығарылады.

Әрбір тапсырманың үлес салмағы қазылар алқасының әрбір мүшесімен келісілді.

1 тапсырма. Межелі пункт

Бір детективке бес елде болған және ол елдер туралы ақпарат жинаған саяхатшы-барлаушылар тобын бақылау тапсырылды. Олардың бағыты туралы **тек олардың елдер арасындағы құрлық шекаралары арқылы қозғалғаны белгілі, олар міндетті түрде елдің ең үлкен қаласына** және төменде келтірілген ақпараттың кішкене фрагменттеріне барды. **Детективке саяхатшылар болған елдердің әр елін және ең үлкен қаласын анықтауға көмектесіңіз.**

А елі - монархия, үкіметтің көптеген функциялары мен армияның қолбасшылығы патшаның қолында шоғырланған. Алайда, бұл елдің өзінің көршілері мен одақтастарынан айырмашылығы, мұнайды импорттайды және табиғи ресурстарға өте кедей. Тәуелсіздік алған кезде ел атауында "за -" деген латын приставкасы бар болатын, бірақ ел ол қосымшадан құтылды және қазір географиялық объект бойынша аталды.

Б елі екі өзеннен құралған өте құнарлы жазықта орналасқан, мәдени және діни жағынан өте алуан түрлі.

В елінде тұратын халықтардың бірінің В елінде үлкен диаспорасы бар. В елі де бір кездері көпұлтты болған, бірақ ассимиляцияның күшеюі және шекаралардың өзгеруі титулдық ұлттың жалпы халықтың 70 пайызынан астамын құрайтындығына әкелді. Сондай – ақ, бұл ел өзінің туристік көрікті жерлерімен танымал - олардың арасында жылу көздері бар травертин террасалары, үңгір адамдарымен ойылған жартастағы үйлер және орта ғасырлар мен Ренессанстың керемет діни ғимараттары бар.



Г елі - тарих пен мәдениет бойынша ең ықпалдылардың бірі. Біз ол елге көптеген ғылымдарды, соның ішінде географияның да көрнекті өкілдерін тудырған киелі ел болғандықтан қарыздармыз. Мемлекет таулы, бірақ сонымен бірге көптеген аралдар да бар - олардың бірінде мистикалық жағдайда қайтыс болған ежелгі өркениеттердің бірі орналасқан, екіншісінде Француз крест жорықтары мен олардың ұрпақтары өмір сүрген.

В елі Д еліне ең алдымен, дін тұрғысынан үлкен әсер етті. Д елінің тілі барлық көршілерден ерекшеленеді және шығу тегі белгісіз.

[10 балл]

2 тапсырма. Тектоника

Әлемдік картада ұсынылған геологиялық процестердің және олардың мысалдарының сипаттамаларына сәйкес оларға ат беріңіз, сонымен бірге мысалмен бұрын ұсынылған процесті сипаттаңыз. Әлемдік картадағы мысалды сипаттау үшін қандай тектоникалық плиталардың қатысқанын атаңыз, қандай физикалық нысандардың пайда болғанын және қазіргі кезде бұл аймақтардағы тектоника қандай екенін айтыңыз.

Сипаттама	Карта	Геологиялық процестердің атаулары және картадағы мысал сипаттамалары
№1 геологиялық процестің барысында мұхиттық литосфера шекаралар түйіскен жерде Жер мантиясына айналып өзгереді. Тектоникалық тақтаның мұхиттық литосферасы екінші тақтаның тығыздығы аз литосферасымен түйіскен жерде, ауыр тақта екінші тақтаның астына түсіп, мантияға батады.		
Процесс №2 - шекарада түйісу кезінде пайда болатын Жер тектоникасының құбылысы. Бұл процесс №1 процестің зонасы жойылып, содан кейін таулар пайда болып, екі материкті біріктіретін №1 процестің вариациясы болып саналады.		
№3 процесс тектоникалық тақталардың шетінде жүреді. Тектоникалық плиталар бір-бірінен жайлап алыстаған кезде мантияның конвекциялық ағымдарынан жылу Жер қабығының сол жердегі тығыздығын түсіріп, жұмсақ етеді. Тығыздығы төменірек материал көтеріліп, көбінесе тауды немесе теңіз түбінің көтерілген аймағын құрайды.		

№4 процесс бір тектоникалық тақтаның екіге немесе одан да көп тектоникалық тақталарға бөлінуі ретінде анықталады. Континентальды тектоникалық тақтаның бұл қозғалысы қалыпты терең аңғарларды, көлбеу блокты тауларды мен жанартауларды тудырады.		
Процесс №5 жер қыртысының жарылған жерінің аймағының әр түрлі таралу орталықтарының арасында болатын немесе таралу орталықтарын №1 процестің аймақтарындағы тереңсу жыралармен байланыстыратын бөлігінде орын алуы мүмкін. Мұндай жарықтардың кеңістіктік бағыты, әдетте, литосфералық плиталардың қозғалыстарына параллельді болады; дегенмен, бұл әрдайым бола бермейді. Бұл жарықтар сейсмикалық тұрғыдан белсенді болатын жарылған аймағының сегменттері болып табылады.		

[15 балл]

3 тапсырма. 80 күнде әлемді аралау

(Тапсырманың мазмұны Жюль Верннің роман сюжетінен туындаған, бірақ оған негізделмеген. Демек, бұл тапсырмалар барлығына, оның ішінде романның өзін оқығандарға бірдей қиындық туғызады).

Бұл тапсырмада сіз келесі маршрут бойынша жүруіңіз керек:

Лондон-Суэц-Мумбай-Колката-Гонконг-Йокогама-Сан-Франциско-Нью-Йорк-Лондон

3.1 Пароход Нью-Йорктен кетіп, 40-шы параллельмен шығысқа қарай бағыт алды. Фигейра-да-Фош теңіз порты маңында пароход Лондонға бұрылды. Фигейра-да-Фош мен Лондонның арасы 1700 км құрайды.

Төмендегі деректерді пайдалана отырып, Нью-Йорк пен Лондон арасындағы қашықтықты километрмен есептеңіз. **Есептеулеріңізді көрсетіңіз.**

Әр түрлі ендіктер үшін меридиан градусының ұзындығы:

(0° - 111.3 км) (10° - 109.6 км) (20° - 104.6 км) (30° - 96.5 км) (40° - 85.3 км) (50° – 71.1 км)
(60° – 55.8 км) (70° – 38.2 км) (80° – 19.8 км) (90° - 0 км)

Координаттар:

Фигейра-да-Фош 40°09'N 8°51'W

Нью-Йорк 40°42'N 74°00'W

3.2. Суэц каналының әлемдік экономикадағы рөлі қандай? Каналдағы трафиктің жабылуы немесе уақытша тоқтатылуы нәтижесінде туындауы мүмкін **2 салдарды** көрсетіңіз?

[4 балл]

4 тапсырма. Жаңбыр жазығы

4.1 Бұл тау жотасы үлкен азиялық жазықтардың бірінің шетінде орналасқан. Үлкен өзен солтүстіктен, ең биік таулардан түсіп, қасиетті өзенмен қосылу үшін суларын батысқа жеткізеді. Оның оңтүстігінде бенгал халқының шағын, бірақ халқы тығыз орналасқан елі бар. Сол таулардағы бір қаланың тек бір шілде айының өзінде-ақ астанамыздағы он жылдық өлшем жауын-шашын түседі. Ал, енді:

- 4.1.1 жазықты,
- 4.1.2 солтүстіктегі үлкен өзенді,
- 4.1.3 ең биік тауларды,
- 4.1.4 батыстағы киелі өзенді,
- 4.1.5 бенгал халқының елін,
- 4.1.6 бұл таулы жотаны,
- 4.1.7 бұл қаланы,
- 4.1.8 бұл таулы жота орналасқан елді атаңыздар.

4.2 Бұл таулар Жердегі ең ылғалды жерлердің бірі болғанына қарамастан, олар спутниктік суреттен шөлдей құрғақ болып көрінеді. Неліктен? **2 себеп келтіріңіз.**



[10 балл]


5 тапсырма. Топография

Мұнда шағын аймақтың схемалық топографиялық картасы берілген.

5.1 Бірінші өзен қай бағытта ағатынын анықтаңыз.

5.2 Егер В нүктесінің биіктігі шамамен 250 метр болса және екі контур арасындағы биіктіктің айырмашылығы 10 метр болса, А нүктесінің биіктігін анықтаңыз.

Есептеулеріңізді көрсетіңіз.



[4 балл]

6 тапсырма. Гидрология



Өзендер дегеніміз - жүздеген жылдар бойы үнемі өзгеріп, дамып отыратын күрделі жүйелер. Жоғарыдағы суретте Есіл өзенінің аңғары көрсетілген - осы учаскедегі өзен алып жатқан жазықта ол өзендер ағып жатқан өзеннің табиғи иілімдері мен ағысын үнемі өзгерте отырып, меандрлар түзе бастайды.

6.1 Неліктен мұндай рельеф формалары тек жазық жерлерде ғана пайда болуы мүмкін? Неге тау өзендерінің маңында мұндай ландшафтты көре алмаймыз? (Кеңес: өзеннің қозғалысына әсер ететін физикалық күштер туралы ойланыңыз)

6.2 Меандрлер қалай қалыптасады? Өзеннің иілуіндегі қай жағалау күрт төмендейді - ішкі ме, сыртқы ма?

[4 балл]